

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 26 наурыздағы № 163 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 сәуірде № 4598 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 231 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 30.07.2015 № 231 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар **б е л г і л е н с і н .**

2. Мәслихатының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 121 "Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4397 тіркелген, 2014 жылғы 21 қаңтарда "Біздің Торғай" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин аудандық мәслихатының  
кезекті оныншы сессиясының  
төрағасы Т. Нүретденұлы

Жангелдин аудандық  
мәслихат хатшысы С. Нургазин

КЕЛІСІЛДІ:

"Жангелдин ауданының экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Е. Биржикенов